



Мәңгілік ешпес жүлде






Шоқан Уәлиханов (1835-1865жж.)

«Шоқан қазақ ішінен оқырман
қауымын тапқан болса, ол өз
халқының шын мәніндегі асқан
данышпаны болар еді»

Г.И. Потанин



Шоқан (шын есімі Мұхамедқанафия)
Шыңғысұлы Уәлиханов – қазақтың ұлы ғалымы,
ағартушы-демократ, шығыстанушы



Тарихшы,
Этнограф,
Саяхатшы,
Фольклоршы,
Суретші.



Сырымбеттегі
Шоқан тұрған үйі

Шоқанның әжесі
Айғанымның үйі



Шоқан қазіргі Қостанай
облысының Құсмұрын
бекетінде дүниеге келген





Шоқанның
әкесі
Шынғыс -
ағасұлтан



Әжесі Айғаным

Ш.Уәлихановтың
ұлы бабасы –
Абылай хан



Балалық шағы Көкшетау елінде өткен



Маленький төрө



Мұсылманша хат тануы.

Сібірдегі ең таңдаулы оқу орны
саналған Омбының кадет
корпусында (1847-1853) оқуы.



Омбыдағы кадет корпусы



Шоқанның өсіп, жетілуіне
ғалым болып қалыптасуына
әсер еткен ұстаздары:

Н. Ф. Костылецкий,

И. И. Веселовский,

И. Н. Березин.



Шоқанның орыс достары:
Г. Н. Потанин, П. П. Семёнов-
Тяньшанский, Ф. М. Достоевский,
С. Ф. Дуров, т. б.



Ф.М. Достоевский мен Ш. Уалиханов.





1854 жылдан бастап Жетісу жерің,
Шығыс, Орталық Қазақстан өлкесін
аралады. Осы сапарлар
нәтижесінде қазақ халқының әдет-
ғұрпы, діни наным-сенімдері, жер-су
аттарына қатысты «Тәңірі»,
«Қазақтардағы шамандықтың
қалдығы» еңбегінің жарық көруі.



1856 жылдың мамыр айында қырғыз еліне - Ыстықкөл аймағына саяхатқа шығуы. Бұл сапарда «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы», «Ыстықкөл сапарының күнделіктері» еңбектерін жазуы және «Манас» жырының нұсқаларын, оның «Көкөтай ханның асы» тарауын жазып алуы.




Шоқаннан қалған асыл мұралардың бірі-
бейнелеу өнері саласындағы еңбектері
оның қазақтың тұңғыш профессионал
суретшісі екенін танытады












1858-1859 жылдар аралағында
Қашқарияға саяхат жасауы.
Генерал-губернатор Г.Х.
Гасфорттың пікірі. Бұл сапардан
жазған «Қытай империясының
батыс провинциясы және Құлжа
қаласы», «Жоңғария очерктері»
атты еңбектері.



Караван на привале



Ш. Уәлихановтың қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинауы (Орынбай, Шөже, Жанақ, Арыстанбай, Нұрымбай секілді жыршы, жырау-ақындардан халықтық әдебиет мұраларын жазып алып, пікір айтуы, жариялатуы).





Қырғыздың «Манас» эпосын
жазып алушы және тұңғыш
насихаттаушы екендігі, өз пікірі,
жариялатуы.



1858 жылы 27 ақпанда Орыс география қоғамының толық мүшелігіне сайланауы.





Орыс география қоғамының үйі


1859 жылдың соңында Ресей мемлекетінің сол кездегі астанасы Санкт-Петербургте барып, 1861 жылға дейін тұруы. Бұл кезең ғылыми –зерттеу жұмыстарымен айналысудың ең жемісті кезеңі болғандығы.






Петербург университеті

Петербург қаласы. Шоқанның тұрған үйі





1861 жылы көктемде Көкшетау,
Сырымбет жеріне қайта оралуы.
Атбасар уезіне аға сұлтан
болып сайлануы, «Мұндағы
мақсатым - өз халқымды
зорлықшыл бай қазақтардан
қорғау еді» деп жазуы.







1863 жылы Омбыға барып сот реформасы мәселесін зерттеуі, очерк жазуы, әскери экспидиция жұмысында, Ұлы жүз қазақтары аңызын, дүнгендер көтерілісің зерттеуі.





1864 жылы Әулиетада генерал Черняев отрядында болуы. Генералдың халыққа көрсеткен қиянатына шыдамаған Шоқанның Верныйға (Алматы) қайтып келуі. Одан кейін Жетісу қазақтарының бір бөлігің билеушісі Тезек төренің аулына барып, оның қарындасына үйленуі.



1864 – 1865 жылдары Шоқан денсаулығының күрт нашарлап, 1865 ж. 10 сәуірде отызға қараған шағында дүние салуы. Сүйегі Алматы облысы, Алтынемел тауының баурайындағы Көшен-Тоған деген жерге қойылуы. Орыс достарының 1881 жылы Шоқан басына мәрмәрдан құлпытас қоюы, 1979 жылы кейінгі ұрпақтың Шоқан басына сәулетті ескерткіш-мүсін орнатуы.







Қазақтың аса көрнекті ғалымы және ағартушысы Ш.Уәлихановтан мол әдеби мұра қалды. Өзінің қысқа өмірінің ішінде ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы, географиясы мен этнографиясына арналған бірсыпыра еңбектері мен қоғамдық –саяси тақырыптағы толып жатқан шығармаларын жазып үлгіреді



Шоқан Уәлиханов - 180 жыл

